

Н.Қ.Мағзұмова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: nazmag@mail.ru)*

Педагогикалық басқару жүйелерінің негізі — ғылыми басқарманың нысаны

Мақалада еліміздің дамыған елдердің санатында болуы үшін білім саласында да үлкен реформалар жүргізілуі қарастырылды. Бұл жөнінде Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», — деп ерекше атап көрсетті. Мемлекеттік қоғамдық сипатта білім жүйесін басқару — өзінің кәсіби жеке қызметіне енді аяқ басқан тұлға, қағидалар, педагогиканы басқару жүйесінің маңызы туралы толық ақпаратты білу өте маңызды. Бұл, ең алдымен, мектептің жұмыс серпініне еруге, оның жүйелендірілуінің негізгі тетігін, басшылықпен, мұғалім әріптестермен, оқушы, ата-аналармен жоғарғы деңгейдегі қарым-қатынас ұстауға көмектеседі.

Кілт сөздер: тұлға, басқару, мектепшілік басқару, мектепшілік менеджмент, білімді басқару, педагогикалық процесс, диверсификация, орталықтандыру.

Педагогикалық ғылымды және тәжірибені түсіну үшін көбісі біртұтас педагогикалық үдерісті басқарманың ғылымның айқындамаларынан байқауға тырысады және оған тиянақты қатал сипат береді. Өзге және өз еліміздің зерттеушілерінің айтуы бойынша, басқару тек техникалық, өндірістік процесс және қиын әлдеуіметтік жүйе саласында ғана керек емес, ол педагогика саласында да өте маңызды болып табылады. Жалпы басқару, ол айқындалған ақпаратқа негізделіп отырып, талдау жасау, бақылау, нысананы мақсатқа жетуі үшін реттеу және дұрыс шешім қабылдау. Басқару нысаны болып техникалық, биологиялық, әлеуметтік жүйелер табылуы мүмкін. Әлеуметтік жүйенің ең кең тараған түрлерінің бірі білім жүйесі және өзіне тән елдің, мекеннің, облыстығы, қаланың және ауданның барлық жүйелерін қамтиды. Жалпы мектептік білім бұл динамикалық әлеуметтік жүйе сияқты мектепшілік басқарудың нысаны болып табылады. Осыған байланысты мектепті басқару және олардың компоненттерін, бөліктерін және басқа да қатысушы жүйелерін жалпымектептік білім жүйесі деп қарастырсақ болады. Бұл жүйеге жалпы педагогикалық процесс, сынып оқыту жүйесі, мектеп жұмысын тәрбиелеу жүйесі, қатысушының эстетикалық тәрбие жүйесі кіреді. Жалпы мектепті басқаруды бөлшектеп қарастыру мектепшілік басқарудың мазмұнын көрсетеді [1]. Мектепшілік басқару өз алдына мақсатқа жету, педагогикалық жүйені жалпылама танып білу, нысана заңдылықтарын қарастыру арқылы барынша оңтайлы шешім қабылдау болып табылады. Педагогикалық процесс қатысушыларының жүйесі тізбе сияқты бірінен кейін бірі келесі функцияларды атқарады: педагогикалық талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу. Мектепшілік басқаруды дәстүрлі жүйеде түсіндіретін болсақ, ол субъектінің белгіленген нысанаға басқарушылық жүргізуі; сапаны жақсарту мақсатында басқарушылық жүйенің тигізетін әсері, педагогикалық еңбекке байланысты ғылыми элементтерді енгізу болып табылады.

Қазіргі таңда ықпал ету философиясының орнына, мектепте екіжақты келісім, бірігушілік философиясы орын тапты және мектеп басқару теориясы мектепшілік менеджмент теориясымен толықтырылып отыр. Менеджмент теориясы ол жекеше басқару, яғни менеджердің қызметі, яғни оның өзіне деген сыйы, өз қызметкерлеріне сенім артуы және олардың табысқа жетуіне ықпалын тигізуі. Менеджменттің нақ осы бөлігі мектепшілік басқаруды толықтырып отырады. Менеджмент идеясының дамуы, олардың мектеп жағдайларына әсер етуі жеке бір бағыттың пайда болуына әкеледі, ол мектепшілік менеджмент. Мемлекеттік басқарудың артықшылығының бірі (білімді), ол мемлекеттік білім басқарудың жалпылама бағытқа өтуі [2]. Бұл бағытқа өтудің бірден бір себебі мемлекет пен көпшіліктің ойын біріктіру арқылы ұстаздарға, қатысушыларға, ата-аналарға таңдау еркіндігін беру, яғни оқыту тәсілдерін, оқу ұйымдарын таңдауы. Таңдау құқығы және еркіндік адамды тек білім нысаны етіп қана қоймай, білім ұйымдарын, тәсілдерін, қарым-қатынасты таңдайтын белсенді тұлға етеді. Білім жүйесінің беделінің арта түсуі, ол білімге байланысты материалдық, қаржылық мәселелердің шешілуі. Ұйымдастырылған білім жүйесінде маңызды болып. Білім жүйесін дамыту бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама ұйымдық басқарушылық жоба

болып табылады, яғни оның мазмұны мемлекеттік саясаттың, білім жүйесінің қағидалары және жүргізілетін талдаудың жағдайы, білімнің даму болашағы арқылы анықталады. Сондықтан бағдарламаның үш маңызды бөлімдері қарастырылады: талдамалық, білім жүйесінің дамуы мен жағдайы туралы; концептуалды, бағдарлама қызметінің бағыттары мен тәсілдері туралы; ұйымдастырушылық, көрсетілген қызметтің маңыздылығын анықтайды. «Білім туралы» ҚР Заңында көрсетілген, білімді мемлекеттік басқару жүйесінде келесі қағидалар көзделген, яғни олар жалпы адамдық құндылық, адам өмірі мен денсаулығы, тұлғанаң еркін дамуы; ұлттық тәрбие және отанға деген сүйіспеншілік, яғни тәрбиенің және білім кеңістігінің бірігуі. Ұлттық тәрбие және дәстүрді сақтау мақсатындағы білім жүйесі, білімнің жалпыға қолжетімділігі, білім жүйесінің бөлімдерге, даму түрлеріне және қатысушыларына үйренуі, білім жүйесінің еркіндігі. Білім орындарының дербестігі: білімді жалпыға ортақ ету, яғни қатысушының ұлтына, тіліне, жынысына, жасына, денсаулық жағдайына, әлеуметтік, тұрмыстық, қызмет беделіне, тұрғылықты жеріне, дініне қарамастан, біліммен қамтамасыз ету [3; 415].

Білім басқармасы органдары қазір мынадай ұстанымды ұстануда, яғни білім бағдарламаларын барынша азайтып, оның орнына оқу көлемін көбейтіп және белсенді түлектерді дайындауын талап етуде. Білім жүйесі басқармасының органдары тек біліммен қамтамасыз етуге кепілдік беріп қана қоймай, тұлғаның жеке басының дамуына және өзін өзі тануына барынша жағдай жасайды. Білім жүйесінде мемлекеттік реттеу жасау үшін елімізде мемлекеттік басқарма органдар құрылады. Қазіргі таңда білімді басқару жүйесін орталықтандыру тиімді, себебі жоғарғы басқару органдары төменгі органдарға функцияларды атқару үшін нұсқау бере алады, яғни федералды органдар жалпы стратегиялық бағыттар ойластырады, ал аудандық және жергілікті органдар қаржылық, кадрлық, материалдық, ұйымның жағдайын қарастырып шешім қабылдай алады.

Жалпылама басқарудың ерекшелігі — мұнда мемлекеттік органдардан басқа жалпылама органдар құрылады, олар ұстаздар, оқушылар құрамы, ата-ана және халық. Олардың басшылыққа қатыса алуы осы мектептегі ұжымның қарым-қатынасының оң болуы және психологиялық климаттың оң болуына әсерін тигізеді. Мектептегі білім басқармасының беделді қызметтерінің бірі — мектеп кеңесі. Мектептің жоғарғы басқарушы органы конференция, ол жылына кем дегенде бір рет өткізілуі тиіс. Конференцияның атқаратын рөлі өте маңызды: жалпымектептік конференцияда Мектеп кеңесі, оның Кеңесшісі және олардың қызметі мен атқаратын уақыты тағайындалады. Әр мектеп өз конференциясында «Оқу орны жарлығын» қабылдайды, ол олардың қазіргі жағдайын, әдіс-тәсілдерін, болашақ даму көздерін қарастырады. Осыған байланысты әр мектептің өз жарлығы болуы және олардың бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін, бірақ олардың басты бағыты «Жалпы мектептік оқу орындарының мемлекеттік уақытша жарлығымен» анықталады. Мектеп кеңесі осы мектептің даму бағытын, сапалы тәрбиенің болуын және қандай тілде оқытатынын таңдайды. Мектеп кеңесі уақытша және тұрақты комиссия, басқа түрлі бағыттары бойынша кеңес штабтар тағайындайды және олардың құқықтары, қызметінің шектерін анықтайды. Ұжымның жиналысында конференция делегаттарының 1, 2-сатылардағы қатысушылары тағайындалады, олар: ұстаз, мектептің басқа да қызметкерлері, ата-ана болуы мүмкін. Конференция аралықтарында жоғарғы басшылықтың орнын Мектеп кеңесі атқарады [4].

Мектеп кеңесінің қызметі келесі бағыттар бойынша анықталады: конференция шешімнің қабылдануын ұйымдастырады; ата-аналар мен қатысушылардың әлеуметтік құқықтарын қорғайды; бірінші сыныпқа қабылданатын қатысушылардың жасын және олардың мектеп киімін анықтайды; шығын есептерін қарастырады, мектеп қорын ұйымдастырады және мектеп бюджетінің қандай салаға жұмсалатынын анықтайды; мектеп директорының, оның кеңесшісі, ұстаздар туралы есепті тыңдайды; мектеп басшылығымен біріге отырып, ата-ананың педагогикалық білімінің артуына жағдай жасайды. Мектеп кеңесі ата-ананың, халықтың мүддесін қорғайды және басшылықпен де оң қарым-қатынаста болады. Мектеп кеңесі ата-аналарды қажет ақпаратпен қамтамасыз етіп отырады. Мектеп кеңесінің шешіміне екі не одан көп қатысушы дауыс берсе, ол күшіне енеді. Жалпылама басқарудың негізгі көрсеткіштері, ол білім жүйесінің жекешелендірілуі және білім орындарының диверсификациясы. Жекешелендірілу дегеніміз ол қазіргі кезде мемлекеттік емес оқу орындары құрылуда және олар мемлекеттік аппараттың басшылығында болмайды. Яғни, ұстаздар, тәрбиешілер, қатысушылар, ата-аналар өзіне тиімді болуы үшін мүмкіндіктер жасайды. Диверсификация (латын тілінен аударғанда *жан-жақтылық, жан-жақты дамыту*) ол мектеп ұйымдарының жан-жақты дамуы. Олар: гимназия, лицей, колледж, кей сабақтарды тереңдетіп оқытатын мектеп орындары [5].

Педагогикалық жүйені басқарудың негізгі қағидалары. Басқару қағидаларына анықталған, тұрақтандырылған басқару заңдылықтары жатады. Менеджмент және мектепішілік басқарудың негізгі заңдылықтары, ол оқу-тәрбие жұмыстарын басқару, реттеу, сапасын қадағалау. Мектепішілік менеджменттің заңдылықтарына талдау, мақсатқа жету, басқарудағы еркіндік және мұғалімдердің түрлі басқару жұмыстарына дайын болуы жатады. Осы заңдылықтарға негізделген, басқарудың негізгі қағидалары болып келесі ұстаным жатады: ол басшылықты, директорды, менеджерді атқаратын қызметіне тағайындау. Ал негізгі қағидаларына мыналар жатады: педагогикалық жүйені басқарудың еркіндігі; басқарудағы жүйелілік және орталықтандыру; бірігушілік және ұжымның оң қарым-қатынасы; педагогикалық жүйені басқаруды ақпараттың толықтылығы мен шынайылығы. Мектептегі басшылықтың өзгеруі және оның конкурстар арқылы тағайындалуы, мектептегі өмірдің еркіндігінің бастамасы. Мектеп құрылуында ең маңыздысы, оның ақпаратының ашықтылығы және қол жетімділігі. Яғни осы мектепте тиімсіз жағдай орын алып жатса және одан ұстаз хабардар болса, онда ол бұл мәселеге немқұрайлы қарамауы тиіс. Басшылықтың әрдайым есеп өткізуі, мектеп кеңесінің, ұжымның, ұстаздың, ата-ананың белгілі бір мәселеге араласып, өз көз қарасын білдіруі, осы мектепте еркіндіктің бар екенін білдіреді. Педагогикалық жүйені басқаруды тек ықпал етумен ғана шектеп қоюға болмайды, мұнда ұйымдастырушылық, бірігіп басқару және өзін-өзі басқара білуде маңызды рөл атқарады [6].

Басқарудағы толықтылық және жүйелілігі, педагогикалық процестің табиғатын түсіну басқару тиімділігін арттырады және осы түсіне білу бірінші компонент болып табылады. Мектепті басқаруда оның бөліктерін көре алу аздық етеді, олардың арасындағы қатынастың пайда болуын және жоқ болуын анықтай білу тиіс. Басқаша айтқанда, оларға компоненттің әсерін, сапасын, болашақта дамуын және қатынасын көрсету керек. Осымен бұл қатынас екінші компонент. Үшінші компоненттің өзіне тән қасиеттері бар, олар өз ықпалымен жаңа қатынас тудырады, яғни компоненттерді бөлімдерге бөліп қарастырады. Мектепті басқарудағы маңызды рөлді төртінші компонент атқарады, мұнда қоршаған ортамен байланыс көрсетіледі. Мектеп пен қоршаған ортаның қатынасы екі түрде болады. Біріншісі, мектептің қоршаған ортаға үйренуі, ал екіншісі — мектептің көздеген мақсатына жетуі үшін қоршаған ортаны өзіне бағындыруы. Мектепті басқарудағы толықтылық және жүйелілік екіжақты қозғалыс және байланысты басқарудағы басшылық пен педагогикалық ұжымның атқаратын қызметін анықтайды. Бұл қағиданың іске асуы басқарудағы біржақтылықтың болмауын қамтамасыз етеді. Осы қағидаға негізделі отырып, басқарушылық қызметтің анықтылығын, дұрыстығын, пайдалылығын көрсетеді [3; 415].

Орталықтандыру мен деорталықтандыру өзара байланысты. Мектеп тарихы және педагогика орталықтандырудың көп мөлшерде жүргізілуі басшылықтың күшеюіне әкелетінін дәлелдеді. Орталықтандырылған басқару төменгі сатыдағы басқарушылардың, мұғалімнің, қатысушылардың көзқарасын қарастырмай, жеке-жеке шешім қабылдайды. Орталықтандырудың маңызы өте зор, себебі ол болмаса, басшылықтың рөлі төмендеп, жұмыс сапасы нашарлайды. Себебі, ұжымдағы қарым-қатынас ушығып, қызметкерлер арасында қолайсыз жағдайдың туындауына әкеледі. Яғни, орталықтандыру мен деорталықтандырудың байланысы мектепішілік басқарудағы қарым-қатынастың реттелуі, жұмыс сапасының артуы, дұрыс шешімнің қабылдануына көмектеседі. Бірігушілік және ұжымды басқаруда бұл қағида педагогикалық жүйеде басшылықтың беделін арттырады.

Қазіргі кезде басқаруда ұжымдағы қызметкерлердің тәжірибесіне сүйенген жөн, яғни шешім қабылдағанда оны талдау, олардың көзқарасын тыңдау арқылы ортақ шешім қабылдаған жөн. Педагогикалық жүйеде жеке-жеке педагогика және психологиялық білімнің тереңдігіне, ұстаздың, қатысушының, ата-аналардың жеке психологиялық ерекшеліктерінің есебіне негізделген. Басқарудағы бірігушілік және ұжымдық, ол қарама-қарсы тұлғаның бірлік танытуын көрсетеді. Бірігушілікте шешімдер тез қабылданатын болса, ал ұжымдылық өз «жайлылығымен» ерекшеленеді. Оқу-тәрбие жүйесінде бірігушілік және ұжымдылық жүргізу келесі қызмет түрлерінде бастау алады: жалпыға жұмыс істейтін кеңес және тексеру мүшесінің қызметі; шешім қабылдауда ұжымның кеңесі керек болатын конференциялар, съездер жұмыстары [7].

Педагогикалық жүйені басқаруда ақпараттың толықтылығы мен жан-жақтылығы. Педагогикалық жүйені басқарудың тиімділігі көбіне анық және қажет ақпаратқа байланысты болады. Ақпараттың толық және жан-жақты болуы үшін, оған тексеру жүргізіліп, талдау жасалуы қажет. Әлеуметтік-педагогикалық ғылымда ақпаратты ұстаз бен оқушылардың арасындағы қатынас не қоршаған орта туралы мәлімет болып есептеледі. Басқару жүйесінде көбіне ақпараттың

жеткіліксіздігіне байланысты қиындықтар туындайды. Мектепшілік басқаруда осы ақпараттың жетіспеушілігі шешім қабылдауда қиындықтар туғызады. Педагогикалық жүйеде ақпараттың жетіспеушілігі көбіне тәрбиелеу саласында қатты байқалады. Оқу-тәрбие процесінде біз көбіне қатысушының үлгерімі, білім сапасы туралы ақпаратты көбірек аламыз, ал оның жеке басы, мінез-құлқы, қасиеттері туралы ақпараттар аз болып келеді. Мектепшілік ақпаратпен жұмыспен тұлғаға осы ақпаратты қалай жинауды, сақтауды, қолдануды білу керек. Мектеп басшысы, менеджер өз қызметінде тексеруді, сауалнаманы жиі ұйымдастыруы тиіс. Қазіргі кезде компьютердің және техникалық құралдардың енуіне байланысты ақпараттың жиналуы және оның реттелуі барынша азайды. Мектеп басшылығы өз қызметінде техникалық мектепшілік ақпаратты енгізуге және оның басшылық қызметкерінің ұстаздардың қолдануына мүмкіндік жасауы тиіс. Педагогикалық жүйеде ақпарат қажет, бірақ ең маңыздысы басқарушылық ақпарат, ол басқару жүйесіне байланысты тиімді ақпарат алуға көмектеседі. Басқарушылық ақпарат түрлі қасиеттер бойынша реттелуі мүмкін, олар: уақыт бойынша күнделікті, айлық, тоқсандық, жылдық; басқару жүйесі бойынша — талдамалық, бағалық, ұйымдастырушылық; түсу көздеріне байланысты — мектепшілік, ведомстволық, ведомстводан тыс; анықталуы бойынша — таныстырушылық, кеңестік және т.б.

Мектеп педагогикалық жүйе және басқарудың ғылыми нысаны ретінде. Педагогикалық жүйе өз бетімен дамып, басқарылады және бірнеше компоненттерден құралады. Педагогикалық жүйені басқару ол, біріншіден, оның толықтылығын сақтайды. Екіншіден, басқа жеке компоненттерге әсер етеді және өзгеруіне ықпалын тигізеді. Педагогикалық жүйенің реттелуі осылайша жалпыламалық қажеттілігін қанағаттандыру үшін, көздеген мақсатқа дәл көрсетілген уақытында жетуі тиіс. Осы мақсат педагогикалық жүйенің мазмұнын ашады. Басқа жүйе сияқты педагогикалық жүйеде жеткен жетістіктеріне байланысты мазмұндалады. Мектепті педагогикалық жүйенің басқару нысаны ретінде қарастыру басқару қызметінің ұстаздарға, қызметкерлерге, оқушыларға көзделген мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылатындығын білдіреді. Мұндай жағдайда педагогикалық жүйе өз көздеген мақсатына жетеді және компоненттерімен жаңарып отырады [8].

Педагогикалық жүйенің жүйе қалыптастырушы факторлары. Педагогикалық жүйеде ең маңызды жүйе қалыптастырушы фактор болып ұстаз бен қатысушылардың, баланың жеке басының өсуіне, өзін-өзі тануы мен дамуына негізделген. Мектеп мақсаты — бастамалық тәрбиенің негізін қалыптастыру, яғни ол өз ішіне интеллектуалды, эстетикалық, еңбектік, экологиялық, құқықтық және басқа да тәрбиені кірістіреді. Басқарудың ең тиімді түрі болып мектеп басшыларының, ұстаздардың, оқушылардың ортақ мақсатқа жетуі үшін өз ойларын қосып және оның жүзеге асуына ықпал жасау табылады.

Педагогикалық жүйенің әлеуметтік педагогикалық және уақытша жағдайда қалыптастырылуы. Педагогикалық жүйенің әлеуметтік-педагогикалық жағдайды қалыптастырылуы, ол тұрақты жағдай, оның анықталуы және дамуы мектепті басқаруды кем дегенде екі бөлімге бөлу керек: жалпы және жеке. Жалпы жағдайға әлеуметтік, экологиялық, тәрбиелік, ұлттық, географиялық жағдайлар жатады. Ал, жеке жағдайға әлеуметтік географиялық қатысушылардың құрамының ерекшелігі, мектептің орналасқан жері (қалалық не ауылдық) мектептің материалдық жағдайы, қоршаған ортаны қорғау бойынша тәрбие жұмыстары жатады. Педагогикалық жүйенің тиімді жүргізіліп жатқанын ұстаз бен оқушылардың қарым-қатынасы, ата-аналардың педагогиканы білу деңгейі арқылы білуге болады.

Әлеуметтік жүйеде шешуші рөлді жеке тұлға не ұжымдық субъект атқарады. Яғни, педагогикалық жүйеде педагогикалық ұжым басшылықтарының басқаруынан жұмысты тиімді атқаруға болады. Мектепті басқару құрылымы төрт сатыдан тұрады: бірінші саты — мемлекеттік органдармен және ұжыммен тағайындалған мектеп директоры, мектеп кеңесі, оқушылар кеңесі. Екінші саты — ұжымдық жалпы еңбекке жауапты — мектеп директоры мен психологы, әлеуметтік ұстаз, мектеп директорының басқарудағы көмекшісі және өзін-өзі басқаруда қатысатын органдар. Үшінші саты — ата-аналарға, оқушыларға, үйірмелерге басшылық жүргізетін ұстаздар, тәрбиешілер, сынып жетекшілері. Төртінші саты — сыныптық және жалпымектептік өзін-өзі басқаратын оқушылар. Аталған саты ұстаз бен оқушылардың қарым-қатынасын көрсетеді [9].

Басқару жүйесінде басты орын оқушылар ұжымына тиесілі және осыған байланысты екі көлденең басқару сатысын көрсетуге болады: жалпы мектептік ұжым және сынып ұжымы. Ал, тігінен басқару түріне жалпылама ұйымдар, спорт секциялары, творчестволық бірігушіліктер, үйірмелер, бригадалар және т.б. жатады. Педагогикалық қызметтерді шешуге бағытталған тәсілдер әдіс болып табылады. Олардың тиімділігі жоғарыда атап өткендей, ұстаз бен оқушылардың қарым-қатынасына

байланысты. Сондықтан үйрету, бақылау, жаттықтыру сияқты тәсілдерден басқа, ұстаз ақпаратты жинау, сақтау және реттеу сияқты тәсілдерді білуі тиіс. Басқаша айтқанда, әрбір басшылықтардың назарында болуы тиіс. Аталған компоненттер өзінен-өзі пайда болмайды, олар ұстаз қызметтерінен қалыптасып, содан кейін педагогикалық жүйенің қалыптастырушы компоненттері бола алады.

Қалыптастырушы компонент болып педагогикалық талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау сияқты педагогикалық жүйенің қозғалысын, өзгерісін көрсететін қызметтер жатады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шипилина Л.А. Методология и методы психолого-педагогических исследований: Учеб. пособие для магистрантов и аспирантов по направлению «Педагогика». — Омск: Изд-во ОмГПУ, 2004. — С. 138.
- 2 Хуторский А.В. Теоретико-методологические основания инновационных процессов в образовании // Интернет-журнал «Эйдос». — 2005. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.eid-os.ru/journal/2005/0326.htm> (дата обращения: 28.02.2015).
- 3 Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. — 415 с.
- 4 Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: Учебник. — М.: Гардарики, 2002. — С. 528.
- 5 Белгібаева Г.Қ., Мағзұмова Н.Қ. Мектепшілік басқарудың педагогикалық жүйесінің ерекшеліктері // Білім әлемінде. — 2012. — № 6. — 34–37-б.
- 6 Бурков В.Н., Коргин Н.А., Новиков Д.А. Введение в теорию управления организационными системами — М.: Либроком, 2009. — С. 264.
- 7 Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. — М.: Изд. центр «Академия», 2005. — С. 208.
- 8 Зеер Э.Ф. Ключевые квалификации и компетентности в личностно-ориентированном профессиональном образовании // Образование и наука: Изв. Урал., науч.-образ. центра РАО. — 2000. — № 3. — С. 90–102.
- 9 Новиков Д.А. Теория управления организационными системами. — М.: МПСИ, 2005. — С. 584.

Н.К.Мағзұмова

Основа управления педагогическими системами — научный объект управления

Чтобы войти в категорию развитых стран, необходимо реформирование образования, об этом пишет в своем Послании Глава государства. Автором исследована проблема начинающего свою профессиональную деятельность руководителя в сфере образования. Отмечено, что оптимизационный подход связан с наиболее распространенной теорией в современной науке управления образовательными системами — теорией оптимального управления. Согласно этой теории деятельность по управлению должна ориентироваться на достижение наилучшего результата при наименьших затратах временных, трудовых, материальных и иных ресурсов.

N.K.Magzumova

Pedagogical managements basis of the systems — scientific object of management

In the article it is investigational problem of guidance of activity of leader, optimization approach is related to the most widespread theory in modern science of management by the educational systems theory of optimal management. In obedience to this theory, activity on a management must be oriented on the achievement of the best result at the least expenses temporal, labour, material and another resources.

References

- 1 Shipilina L.A. *Methodology and methods of psychology and pedagogical researches*: The manual for undergraduates and graduate students in the Pedagogics direction, Omsk: Publ. house of OMGPU, 2004, 138 p.
- 2 Hutorsky A.V. *Theoretical and methodological bases of innovative processes in education*. *Eydos Internet magazine*. — 2005, <http://www.eid-os.ru/journal/2005/0326.htm>. (date obrashcheniya: 28.02.2015).
- 3 Gromkova M.T. *Psychology and pedagogics of professional activity*, Moscow: UNITY-DANA, 2003, 415 p.

- 4 Vikhansky O.S., Naumov A.I. *Management: Textbook*, Moscow: Gardariki, 2002, 528 p.
- 5 Belgibayeva G.K., Magzumova N.K. *In the world of knowledge*, 2012, 6, p. 34–37.
- 6 Burkov V.N., Korgin N.A., Novikov D.A. *Introduction to the theory of management of organizational systems*, Moscow: Librokom, 2009, 264 p.
- 7 Zagvyazinsky V.I., Atakhanov R. *Metodologiya and methods of psychology and pedagogical research: Studies. a grant for students vush. ped. studies. Institutions*, Moscow: Publ. center «Akademiya», 2005, 208 p.
- 8 Zeer E.F. *Key qualifications and competence of the personal focused professional education. Science and education: Izv. Urals, naysh. — an image. center of Russian joint stock company*, 2000, 3, p. 90–102.
- 9 Novikov D.A. *Theory of management of organizational systems*, Moscow: MPSI, 2005, 584 p.

UDC 301.131:325.1

S.O.Burlenova, G.U.Satenova

*Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: sat.ayya@mail.ru)*

Mechanisms of adaptation of repatriates to the homeland

Today the phenomenon of ethnic paradox is widespread all over the world so the problem of repatriations is one of actual. This article focuses on the social and psychological adaptation mechanisms returnees. The concept of psychological adaptation within the theory of acculturation in modern literature is interpreted as result of researches of cultural shock. Cultural shock — an emotional or physical discomfort and disorientation of the individual caused by hitting into a different cultural environment, encountering with a different culture, unfamiliar place. The problem of cultural shock is considered in the context of a so-called curve of process of adaptation. According to this curve G. Triandis identifies five stages in the process of adaptation visitors.

Key words: ethnic paradox, social and psychological adaptation, ethnic identifications, ethnic group, cultural shock, cultural environment, curve of process of adaptation, U-shaped curve, readaptation, acculturation.

In the last centuries the concept of ethnic paradox has extent worldwide. in a phenomenon of ethnic paradox it is possible to refer such social and psychological process as repatriation.

Repatriation is the process of returning to historical homeland from other countries.

Repatriation is a kind of revolution for each person. A revolution which divides his life into two parts: «before» and «after». In a new place, in the new environment, with a new social role and the status the person independently of age starts living on the new [1].

Today ethnic development is one of signs of general development of humanity. One of forms of ethnic paradox is interest in the national roots. For example, a reconstruction various forgotten national custom and traditions, studying of folklore or even sometimes propagation of the historical homeland and national patriotism.

Different psychological schools consider the aspiration reasons to ethnic development. There are psychological reasons of ethnic grouping. The most common causes it:

- reaction of the countries which are lagging behind in development from economically and technologically the developed countries;
- the world social rivalry within the ethnic group;
- mass media action.

The ethnos as psychological communities is interesting for us which carries out important functions for each person [2]:

1. orientation in world around with the help accumulation of a certain information;
2. determination of values of life;
3. maintenance of social safety or function of protection.

Ethnic identification is psychological category defining belonging of a person to a certain ethnic group.

Usually formation ethnic identifications happens during formation of the personality, that is in the period of childhood.